

Мектеп, балалар мекемелерінің өрттен қауіпсіздігінің үлгі ережелері.

1. Бұл үлгі орта мектептердің өрт қауіпсіздігінің талаптарын белгілейді және оны орындау міндеті болып табылады.

2. Мектептің әрбір қызметкері өрт қауіпсіздігі ережелерін білуге және оны ұқыпты орындауға, ал өрт шыққан жағдайда адамдарды құтқаруға және өртті сөндіруге қолынан келген барлық шараларды қолдануға міндетті.

3. Мектептердің өртке қарсы әзірлігіне мектеп директоры мен меңгерушілер тікелей жауапты.

ОЛАРДЫҢ МІНДЕТІ:

а) өрт қауіпсіздігінің осы ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету, тиісті қызметкерлердің өртке қарсы сақтық жөніндегі белгіленген тәртіпті қатаң түрде орындауын бақылап отыру;

ә) өрт шыға қалған жағдайда эвакуация жоспарын жасау, әрбір қызметкердің атқаратын міндетін белгілеу, мектеп үйлерінен адамдарды эвакуациялайтын жауапты қызмет адамдарының міндеттерін белгілеп беру;

Мұғалімдермен және қызмет көрсететін адамдармен эвакуация жоспарын дүркін-дүркін қайта қарап отыру (эвакуациялаудың үлгі жоспары қосымша № 1 –де көрсетілген);

б) осы үлгі ережелерді мұғалімдер және қызмет көрсететін адамдар, үйреніп және олардың ереже талаптарын қалай ұғынғандығымен орындайтындығын тексеріп отыру. Жұмысқа жаңадан алынған адамдарды осы ережелермен және өрт шыға қалған кездегі міндеттерімен таныстырып отыру;

в) мектептің өрттен сақтау жағдайына жауапты адамдар тағайындау;

г) көпшілік шаралар жүргізілетін әрбір үйге (кештер, жаңа жылдық елка, спектакльдер, концерттер, кино т.б. орындарға) адамдардың сыйымдылығын әр қайсысына 0,75 кв.м. есебінен белгілеу, сол сияқты ондай шаралар жүріп жатқанда сол үйдің өрт қауіпсіздігіне жауапты адамның міндетті түрде қатысып отыруын белгілеу;

д) пеш жағатын, электр жарығын беретін құралдардың ақаусыз болуын қамтамасыз ету, өрт шығуға себеп боларлықтай кемшіліктерді жоюдың барлық шараларын дер кезінде белгілеу;

е) үйлерді өрт сөндіретін және байланыс жасайтын қажетті құралдармен қамтамасыз ету, сол сияқты оларды ақаусыз жағдайда ұстау;

4. Өрт қауіпсіздігінің ережелері бойынша жоғарғы класс оқушыларымен тоқсан сайын бір рет арнаулы сабақ өткізіліп, төменгі класс оқушыларымен мектепте және үйде өрт шығудан сақтану жөнінде әңгімелер өткізіліп отырылуы тиіс.

5. Пеш жаққанда, қыздыратын және жарық беретін приборларды пайдаланарда барлық мекемелерде сақтық шараларының орындалуын бақылау үшін жауапты адамдар тағайындалуы тиіс.

II үйлердің күтімі.

6. Мектептің территориясы таза ұсталуы керек. Барлық жанатын қоқыстармен тастандылар арнаулы жерлерге тасылып апарылуы тиіс.

7. Мектеп өрт сөндіруге қажетті су запастарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Өртке қарсы қолданылатын су табиғи сулардан немесе қолдан әдейі жасалған су құймаларынан алынады.

8. Жоғары көтерілетін басқыштар, үйлерге кіріп шығатын негізгі және запас есіктер, өтетін орындар, коридорлар әр уақытта бос және қоқыс- үйінділерден таза болуы керек. Басқыш астарындағы бүкпелерге қойма жасауға, оған қандай да болмасын түрлі заттар сақтауға болмайды.

9. Негізгі және запастағы кіріп-шығатын есіктер үйден шығатын жағына қарай еркін ашылып-жабылып тұратын болуы керек. Балалар үй ішінде болатын уақытта шығатын есіктерді іш жағынан оңай ашылатын ілгектермен ғана іліп, жауып қоюға болады.

10. Көп этажды мектепте кішкене балаларды бірінші этажға орналастырған жөн.

11. Балаларды жазғы маусымда сауықтыру дачаларына апару ол жердегі үйлер өрт қауіпсіздігінің мынадай талаптарына жауап берсе ғана рұқсат етіледі :

а) балалар мекемелері үшін жалданып алынған үйлер мүмкіндігінше жанбайтын, ал ағаш үйлер бір этаждан аспауы тиіс;

ә) балаларды сабан, жоңқа, қамыс, т.с жылдам тұтанғыш заттармен шатырланған үйлерге, сол сияқты шатырдағы үйлерге орналастыруға болмайды;

б) балалар орналастырылған үйлерде кем дегенде шығатын екі есік болуы керек;

в) балалар жататын ағаш үйлерге ас пісіретін, кір жуатын пештер салуға болмайды; кір жуатын, ас пісіретін орындар балалар жататын үйлерден кем дегенде 15 метр қашықтықта болуы қажет.

12. Класқа қойылатын парталар, столдар мен орындықтар одан шығуға кедергі болмайтындай етін орналастырылуы керек.

13. Мектептегі химия лабораториясында, қоймаларда реактивтер құлыппен жабылатын шкафтарда сақталады, олардың кілттері мұғалімдерде, лаборанттарда болады; тез жанатын және лап еткіш сұйық заттар (бензин, бензол, эфир, ацетон, толуол, титролактар, амилацилат, мұнай, керосин, спирт және т.б) жалпы сандары 3 кг арттырылмай, қыздырғыш жабдықтар мен шығатын жерлерден аулақ орналастырылған арнаулы темір жәшіктерде ғана сақталады.

14. Мұғалімнің немесе лаборанттың басшылығынсыз физика және химия лабораторияларында реактивтермен, электрмен т.б қыздырғыш құралдармен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне болмайды.

15. Оқу шеберханаларында өртке қарсы тәртіптер қатаң сақталуы керек. Ондай жерлердегі қоқыстар мен тастандылар әрбір сабақ бітісімен жинап алынып, шығарылуы тиіс.

III. Жарық және тұрмыста қолданылатын қыздырғыш құралдар .

16. Мектеп және балалар мекемелері міндетті түрде электр жарығын пайдалануы тиіс.

17. Қандай да болмасын қосымша электр қуатын (электр лампалары, қыздырғыш электр құралдар және т.б) электр сетінің қуаты көрсетсе ғана алынады. Электр сетін мантаждауға және жөндеуге тек арнаулы дайындығы бар адамдарға ғана (электр монтерлеріне) рұқсат етіледі.

18. Қыздырғыш электр құралдары, т.б электр саймандарымен аппараттар сетке түзу штепсел арқылы ғана қосылуы керек .

19. Электр сеті мен электр құралдарын орнатқанда және пайдалануға бергенде электр сымдарын шегелерге ілуге, оларды обой қағаздарымен желімдеуге , калибрленбеген (қолдан жасалған сақтандырғыш (предохранитель) қолдануға, электр шамдарын қағазбен немесе матамен орауға, эзоляциясы сыдырылған сымдарды пайдалануға , электр сымдары мен роликтерді сурет , киім ілуге пайдалануға рұқсат етілмейді.

20. Электр сетіне жалғанған қыздырғыш құралдарды тоңазытқыштан басқасын иесіз тастап кетуге болмайда және қыздырғыш құралдарды астына жанбайтын қойғыш қойып ғана пайдалану керек.

IV. Ёлка құру, кино көрсету, спектакль қою , кештер өткізу.

21. Бұқаралық жұмыстар жүргізетін көп этажды үйлердің (балалар кеші, жаңа жылдық ёлка, спектакль, концерт т.б) сыртқы немесе басқышына (лесница) шығатын кем деген де екі есігі болуы керек. Ағаштан салған мектеп үйлерінде сол сияқты төбесі жанғыш материалдардын салған үйлерде бұқаралық жұмыстар екінші этаждағы бөлмелерден жоғары үйлерге жүргізілмеуі керек.

22. Бұқаралық жұмыстарды өткізетін үйлердің әрбір адамға есептегенде сиымдылығы 0,75 кв.м есебінен алынады. Үйді бұл есептен артық адамдармен сығылыстыруға болмайды.

23. Адамдарды эвакуациялауға арналған коридорлар, өтетін және шығатын жерлер кедергілдерден бос болуы керек. Бұқаралық жұмыстар өткізіліп жатқан кезде ол үйлердің есігін құлыптауға немесе еркін ашылмайтын ілгектермен жауып қоюға тиым салынады. Әрбір есік алдында мұғалімдерден, қызмет адамдарынан немесе жоғарғы кластардың оқушыларынан кезекшілер қойылуы керек.

24. Кештер ,спектакльдер, концерт, киносеанс, жаңа жыл ёлкасы сияқты бұқаралық жұмыстар өткізуге, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына мектеп басшылары жауапты.

25. Бұқаралық жұмыстарды өткізерде жергілікті ерікті өрт дружинасы мүшелерінен кезекші тағайындалып, ол үйлер өрт шыға қалған жағдайдағы алғаш қажетті құрал саймандармен (өрт сөндіргіш, су толған шелек, құм толған жәшік, күрек т.б) қамтамасыз етіліп, олар ойын жүріп жатқан орындарға жақын орналастырылуы керек.

26. Балалармен бұқаралық жұмыстарды өткізген шақта кезекші мұғалім, класс жетекшісі немесе тәлімгер оларды көзден таса қылмауы жөн. Бұлар өрт қауіпсіздігінің ережесімен ,өрт шыға қалған жағдайда балаларды эвакуация жасаудың тәртібімен толық таныстырылуы керек.

27. Мектептерде бұқаралық жұмыстарды өткізгенде тұтанып кетуге мүмкін химиялық , тағы сол сияқты заттарды қолдана отырып, жарқылдату ойындарын жасауға рұқсат етілмейді.

28. Ёлканың орнатылған табаны (төрт бұрыш , құм толтырған бочка) орнықты және кіріп –шығуға кедергі болмайтындай жасалады. Ёлканың бұтақтары қабырғалар мен төбеден кем дегенде бір метрден жақын болмауы керек. Ондай ойындар өткізілетін үйлерден электр жарығы болмаса, ойындар, билер тек күндіз ғана ұйымдастырылуы керек.

29. Ёлканы целлулоит және басқа оңай жанғыш ойыншықтармен безендіруге болмайды ; ёлканың түбін отқа төзгіш қоспамен сылақтамайынша жай мақтамен орауға болмайды, ёлкаға бертолет тұзын себуге болмайды.

30. Ёлка бұтақтарын кішкене электр шамдарымен иллюминациялау тек электромонтер ғана жасауы тиіс . Ёлканы мықты,орнықты етіп отырғызып, оны иллюминациялағанда электротехникалық ережелерді толық сақтаған жөн; әшекейлі гүл тізбегін жасау үшін ток күшін бәсеңдететін құрал жоқ жерлерде, электр жарығын беретін сымдар арқылы тоқ алу қажет болса, 12 вольтке дейінгі ламполарды басқыштап жандыру әдісі қолданылады; ёлканы сәндеуге қолданылатын электр сымдарының эзоляциясы берік болуы шарт. Иллюминация берік болмаса, (сымдары қызып кетсе, лампалар жыпықтап жанса, ұшқын атса) сеттен тездеп айыру қажет.

31. Ёлка мерекесін өткізгенде үй ішінде ұшқын шығаратын әртүрлі от, бенгаль оттарын , стеарин шырақтарын жағуға , шартылдақ жасауға, үйдегі лампаларды түгел сөндіруге болмайды; балалардың үстіне оттан сақтандырғыш құрамдарға шыланбаған мақта жапсыруға және дәкеден жасалған костюмдер кигізуге болмайды.

V. Өрт сөндіру құралдары.

32.Өрт сөндіруге керекті барлық құрал-жабдықтар (өрт сөндіргіш, су толтырылған бочка, құм толтырылған жәшіктер,күректер, сол сияқты ішке орнатылған өрт крандары) ақаусыз сақталып, көрнекті орындарда тұрулары керек.

33 . Мектепте өрт сөндіру үшін мотопомпа немесе өрт сөндіретін қол насосы болуы керек.

34. Өрт сөндіретін құралдарды осы мақсаттан басқа шаруашылық мүдделерге пайдалануға қатаң тиым салынады.

VI. Өрт шыға қалғандағы қимылдар.

35. Мектеп мұғалімдері мен тех қызметкерлерінің өрт шыға қалған жағдайдағы ең бірінші міндеті адамдарды аман алып қалу болып табылады. Өрт шыға қалған жағдайда мектеп басшылары, мұғалімдер, тех қызметкерлер мыналарды атқаруға міндетті:

- а) өрт шыққанын жақын жердегі өрт командасына (бөліміне) тез қабарлап, жергілікті өрт дружинасына тревога жариялайды;
- ә) оқушыларды мектептен шығарып өрттен құтқарудың қолдан келген барлық шараларын істейді, мұның өзінде жас балаларды алдымен шығару қажет екендігі есте болу керек. Адамдар ең алдымен өртеніп жатқан үйден, одан кейін өртке шалдығады – ау деген үйден шығарылады;
- б) шығарылған оқушылар қауіпсіз жерге (үйге) апарылады;
- в) оқушыларды эвакуациялаумен қатар мекемедегі өрт сөндіретін құралдарды қолдана отырып, өртті сөндіру әрекетін жасайды;
- г) шақырылған өрт бөлімін немесе дружинаны қарсы алу үшін мекеме қызметкерлерінен жауапты адам бөлінеді, ол келген бөлім (дружина) басшысына жанып жатқан үйден немесе жана бастаған үйден адамдардың түгел құтқарылғандығы және енді қайсы үйде құтқарылуы тиісті адамдар қалғандығы туралы мәлімдейді.
- д) үйлерден электр қуаты үзіліп қалатын жағдай болса, электр фонарлары немесе «жарғанат» типтегі қол фонары болуы қажет.

Өрт сөндіруге алғаш қолданылатын құралдардың нормалары.

Құралдардың аты	саны		
	220 орынға	304 орынға	384 орынға
Өрт сөндіргіш	10	10	10
Саты (өрмелегіш)	1	1	1
Балта	1	1	2
Сүймен	1	1	2
Ілгекті бақан	1	1	2
		1	2
Күрек	2	2	4
Шелек	2	2	2
«Жарғанат» фонары	1	1	1
электр сымын қиятын қайшы			

Өрт шыға қалған жағдайда адамдарды эвакуациялаудың үлгі жоспары.

«№25 орта мектебі» КММ

<i>Іс - әрекеттің аттары</i>	<i>Іс - әрекеттің кезегі мен тәртібі</i>	<i>Атқарушының қызметі, фамилиясы</i>
<p><i>Өрт туралы хабар.</i></p> <p><i>Жана бастаған үйден оқушыларды шығару, әртүрлі жағдайдағы эвакуация тәртібі. Эвакуацияланған оқушылардың түгелдігін тізім бойынша тексеріп шығу.</i></p> <p><i>Эвакуацияланған оқушыларды орналастырылатын орындар.</i></p> <p><i>Өртті (тұтануды) өрт командасы (жергілікті ерікті өрт дружинасы) келгенге дейін көмекші қызметкерлердің күшімен сөндіре беру.</i></p>	<p><i>Өрт шыққанын (жана бастағанын) білісімен өрт сөндіруге көмектесетіндерді тез шақыру қажет (өрт командасына телефон соғу немесе жергілікті ерікті өрт дружинасына дабыл қағып жариялау).</i></p> <p><i>Өрт шығысымен коридорлар, т.б шығатын жерлер арқылы барлық оқушылар далаға шығарылады.</i></p> <p><i>Эвакуацияланған барлық оқушылар саны саналып шығады және олардың түгелдігі кластағы аты - жөні жазылған тізім бойынша тексеріледі.</i></p> <p><i>Оқушылар күндізгі уақытта спорт алаңына орналастырылады. Өртті сөндіру адамдарды эвакуациялаудан бос қызметкерлердің күшімен өрт шығысымен тез басталады. Өрт сөндіруге мекемедегі барлық сөндіргіш құралдар пайдаланады.</i></p>	<p><i>Кезекші, вахтер, күзетші</i></p> <p><i>Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, АӘД пәні мұғалімі, шаруашылық меңгерушісі</i></p> <p><i>Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, АӘД пәні мұғалімі, шаруашылық меңгерушісі, оқушылардан құралған жасақ</i></p>

Эвакуациялау жолдары көрсетілген мекеме үйлерінің жоспары.

Ескерту: а) оқушылардың эвакуация кезінде жүретін жолдары қайшыласпайтын және өртке байланысты кездесетін жағдайларға байланысты ауысып отыратын болуы шарт;

ә) үйлерден шығу үшін қажет болған жағдайда терезелер және басқыштар пайдалануы мүмкін.

Мектеп директоры:



М.Каниев